

**Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің “Қарағұр” жалпы білім беретін мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметін өзін-өзі бағалау қорытындысы**

**2023-2024 оқу жылы**

**Өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы  
қорытынды**

“Қарағұр” жалпы білім беретін мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалаудың өлшемшарттарын бекіту туралы » бұйрығын басшылыққа ала отырып Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарағұр» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2022 жылғы 9 қарашадағы «2023 жылға арналған мемлекеттік аттестатауға жататын білім беру ұйымдарының тізімін бекіту туралы» №818 бұйрығының тізбесіне сәйкес 27 мамыр мен 07 маусым аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалауды білім беру ұйымы басшысының 2024 жылғы «21» мамыр №65 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда (бұдан әрі – комиссия) өткізілді:

1. Қ.Смайл - «Қарағұр» жалпы білім беретін мектебінің директорының міндетін атқарушы, комиссия төрағасы
2. С.Асылбеков – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
3. Х.Мүшекенова - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
4. Н.Төлтаев - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
5. Ә.Орманқызы - мектептің әлеуметтік педагогы, комиссия мүшесі
6. Ж.Асанов - мектеп психологы, комиссия мүшесі
7. Г.Тойшыбекова – мектеп психологы, комиссия мүшесі
8. Т.Мыңжанов - мектеп директорының шаруашылық істері жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
9. А.Есжанова – бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі ,хатшы

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізудің негізгі бағыттары мен зерделеу объектілері бойынша өзін өзі бағалау құрылымының әдістемелік ұстанымын басшылыққа ала отырып білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

## БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР

<b>Жарғыға / құрылтай құжаттарына сәйкес қазақ, орыс тілдеріндегі білімберу ұйымының толық атауы</b>	
Жарғыға / құрылтай құжаттарына сәйкес қазақ, орыс тілдеріндегі білім беру ұйымының толық атауы	Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарағұр» жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Коммунальное государственное учреждение "Общеобразовательная школа Карагур" отдела образования Сузакского районауправления образования Туркестанской области
<b>Білім беру ұйымының орналасқан жері туралы мәліметтер</b>	
Облыстың атауы	Түркістан облысы
<input type="checkbox"/> Қаласы/ауылы	Созақ ауданы, Қарақұр ауылы
Көшенің атауы	Үсенбай Датқа көшесі, №27
Пошта мекенжайы индексі	161008
Білім беру ұйымының сайтына сілтеме	karagur@edu.kz
Бірінші басшының аты-жөні	Смайлов Қанат Қантайұлы
Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі	Түркістан облысының, Созақ аудандық білім бөлімінің басшысының 2005 жылы 18 наурыздағы №52 бұйрығы
Бірінші басшының байланыс телефондары (жұмыс / ұялы телефон)	7 702 965 0946
Бірінші басшының электрондық поштасының мекенжайы (жұмыс мекенжайы)	mr.karagur@mail.ru
Құқық белгілейтін құжаттар	Жарғы Түркістан облысы әкімдігінің №5 қаулысымен бекітілген 14.01.2021 жыл 27.01.2021 жылы мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді №194-1959-18-ММ
Рұқсат беру құжаттары	24.02.2021жылы берілген №KZ94BFA00130490 өтінішке сәйкес, 25.02.2021 жылы білім беру қызметімен айналысу үшін № KZ50LAA00024812 лицензия берілді. Қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны, хабарламаның тіркелген кіріс нөмірі: KZ72RVK00039058
Білім беру қызметінің өзін-өзі бағалауы туралы есепті қалыптастыру негізі	Педагогикалық кеңестің 2023 жылғы 21 мамыр №4 шешімі. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды өткізу туралы 2021 жылғы 21 мамырдағы №252 бұйрық.
Есепті қалыптастыру күні	11.06.2024 жыл

	«Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі» ММ-сі басшысының №223 бұйрығы
Бірінші басшының байланыс телефондары (жұмыс / ұялы телефон)	+7 777 670 66 73 +7 775 280 75 75
Бірінші басшының электрондық поштасы	<a href="mailto:kuralai_zulharnaeva@mail.ru">kuralai_zulharnaeva@mail.ru</a>
<b>Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар, рұқсат етуші құжаттар</b>	
Жарғы	Жарғы Түркістан облысы әкімдігінің қаулысымен бекітілген 28.08.2023 ж. №1366-1959-КММ қайта тіркеу
Лицензия	25.09.2023 ж. № KZ28LAA00035005 білім беру қызметіне Лицензия
<b>Өзін өзі бағалау құжаттары</b>	
Өзін –өзі бағалау негізі	Бұйрық №8 21.05.2024ж
Есепті қалыптастыру күні	07.06.2024ж

## 2. Кадрлық құрамға талдау

Білім беру ұйымдарында ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына сәйкес 108 педагог педагогикалық қызметін жүзеге асырады. Оның мектепалды даярлық сыныптарындата сабақты жоғары педагогикалық білімі бар 2 педагог жүргізеді, оның 1-еуі де мектепжасына дейінгі педагогика мен психология мұғалімі, тәрбиеші, 2-еуі бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімі дипломы бар. Педагог психолог – 2-еу

Жалпы білім беретін мектепте 79 педагог сабақ жүргізеді, оның ішінде 79-ы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі бар. Қазіргі таңда педагогикалық жұмыс өтілі 3 жылға дейін - 4 педагог, 3-5 жылдан бастап - 3 педагог, 6-10 жылдан бастап – 15 адам, 11-15 жылдар – 14 16-20 жылдар – 13, 20 – дан жоғары 30 педагог

Бастауыш мектепте 24 педагог сабақ жүргізеді, оның ішінде 6 педагог санатында, 1-еуі бірінші санаттағы педагог, 4-еуі педагог-зерттеуші, 4 педагог – сарапшы, 8-ы педагог модератор

Бастауыш мектептегі жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің, шебер педагогтердің үлесі- 37,5 %-ды құрады (білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаның 4.1 – тармағы " жақсы" бағасына сәйкес келеді).

Негізгі және жоғары сыныптарда – 55 педагог, оның ішінде 12- педагог-зерттеуші, 8 педагог- сарапшы, 4- магистр сабақ жүргізеді.

сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің үлесі- 36,3 %-ды құрады (білімберу ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 2-қосымшаның 5.4 – тармағы "төмен" бағасына сәйкес келеді).

Біліктілікті арттыру курстарынан 79 педагог келесі бағыттар бойынша өтті: пәндік бағыты бойынша барлық мұғалімдер 80 сағаттық курстан өтті. 6 педагог өзінің лауазымы бойынша өтті.

### 3. Білім алушылардың контингенті.

Білім деңгейі	Жобалық мүмкіндік	Жалпы оқушы	1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып
Жыл басы	600	520	205	219	96
Жыл соңы		509	196	217	96

Бастауыш сыныптарда, жыл соңында балалар саны 9 оқушыға, негізгі сыныптарда 2 оқушыға азайған. Оқушылар контингенті жалпы оқу жылының басында 520 оқушы болса, соңында 509 болып 11 оқушыға кеміді. 2023 жылдың қыркүйек айы мен мен 2024 жылдың маусым айына дейін 17 бала мектеп есебінен шығып кетті, аудан мектептеріне-4, облысқа -4, республикаға 3, басқа мемлекетке-0, жекеменшік мектептерге-0.

Келген балалар – 6, аудан мектептерінен келген – 3, облыстан –1, республикадан келген-2. Оқу жылында білім берудің барлық деңгейлерінде оқушылар контингентінде теріс динамика байқалады.

Оқу жылы	Бастауыш сынып	Орыс сыныбы	Негізгі орта	Орыс сыныбы	Жалпы орта	Орыс сыныбы
2023-2024	1 сын – 3	-	5 сын-3	-	10 сын - 3	
	2 сын – 3	-	6 сын-3	-	11 сын – 3	
	3 сын – 3	-	7 сын-2	-		
	4 сын – 2	-	8 сын-2	-		
		-	9 сын-3	-		
<b>Барлығы:47</b>	11	-	13	-	6	

Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда сынып жиынтығы өзгеріссіз.

4.2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы

Білім алушыларды топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау. оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып

МЖМББС, ҮОЖ және ҮОБ сәйкес сыныптар бойынша шектік жүктемелердің сақталуына талдау.

### 2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш сыныптардағы апталық оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ сынып- жиынтықтар	Мектепалды даярлық сыныптары		
	Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі
МАД /2	20/40	20/40	
Барлығы 3 сынып	20/40	20/40	

Сыныптар/ сынып- жиынтықтар	Бастауыш сыныптары			
	Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі	Түзету компоненті
1/3	19,5/58,5	18,5/55,5	1/3	
2/3	24/72	23/69	1/6	
3/3	26/78	25/75	1/3	
4/2	26/52	25/50	1/2	
Барлығы 11 сынып жиынтығы	95,5/260,5	91,5/249,5	4/14	

### 2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің апталық оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі
5/3	28,5/85,5	28/84	0,5/1,5
6/3	28,5/85,5	28/84	0,5/1,5
7/2	31,5/63	31/62	0,5/1
8/2	32,5/65	32/64	0,5/1
9/3	34/102	33/99	1/3

Барлығы 20	155/401	152/393	3/8
------------	---------	---------	-----

**2023-2024 оқу жылында:**

**Мектепалды даярлық сыныптарында қазақ тілді 2- сынып жиынтығы,** (0а,0ә) апталық оқу жүктемесі -20 сағат,оның ішінде «Физикалық дағды» - 198 сағатты (аптасына -3 сағаттан), «Коммуникативтік дағды»- 330 сағатты (аптасына -5 сағаттан), «Танымдық және зияткерлік» дағды -165 сағатты (аптасына -2,5 сағаттан), «Шығармашылық дағды» -330 сағатты (аптасына –5 сағаттан), «Әлеуметтік эмоционалды дағды» -99 сағатты (аптасына – 1,5 сағаттан), барлығы 1320 сағат (аптасына -20 сағаттан),

**Бастауыш сыныптар бойынша барлығы 11 сынып комплектісі бар.**

**1-сыныпта – 3 сынып жиынтық**

**2-сыныпта – 3 сынып жиынтық**

**3-сыныпта – 3 сынып жиынтық**

4-сынып – жиынтығы 2-еу.



**1-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/**  
(1а,1ә,1б,-)19,5сағат,оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі-  
18,5сағат,вариативтік оқу жүктемесі-1сағат

«Тіл және әдебиет» бойынша-594 сағатты(аптасына -6сағаттан), «Математика және информатика» -445,5 сағатты (аптасына -4,5сағаттан),

«Жаратылыстану»-сағатты-99 (аптасына -1сағаттан), «Адам және қоғам»- 99 сағатты(аптасына -1сағаттан),

«Технология және өнер»- 297 сағатты (аптасына -3сағаттан),

«Дене шынықтыру» -297 сағатты (аптасына -3сағаттан),

Инвариативті оқу жүктемесі- 1831,5 сағат, «Көркем жазу» вариативті оқу жүктемесінен -99 сағат.Барлығы-1930,5сағат

**2-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/** (2а,2ә,2б)  
-24 сағат, оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі-22 сағат,  
вариативтік оқу жүктемесі-2сағат

«Тіл және әдебиет» бойынша-1122 сағатты (аптасына -11сағаттан),

«Математика және информатика» - 510 сағатты аптасына -5сағаттан),

«Жаратылыстану»-102 сағатты аптасына -1сағаттан), «Адам және қоғам»-102 сағатты (аптасына -1сағаттан),

«Технология және өнер»-306 сағатты аптасына -3 сағаттан),

«Дене шынықтыру» -306 сағатты (аптасына -3сағаттан),

Инвариативті оқу жүктемесі-2244 сағат, «Қызықты грамматика» вариативті оқу жүктемесі-102 сағат. «Математика және логика» вариативті оқу жүктемесі -102 сағат. Барлығы-2448 сағат

**3-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/** (3а,3ә,3б)  
-26 сағат,оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі-25сағат,вариативтік оқу жүктемесі-1сағат

«Тіл және әдебиет» бойынша-1122сағатты(аптасына -11сағаттан),

«Математика және информатика» - 612 сағатты(аптасына -6сағаттан),

«Жаратылыстану»-204сағатты(аптасына -2сағаттан), «Адам және қоғам»- 102сағатты(аптасына -1сағаттан),

«Технология және өнер»-204 сағатты(аптасына -2сағаттан),

«Дене шынықтыру» -306 сағатты(аптасына -3сағаттан),

Инвариативті оқу жүктемесі-2550 сағат, «математика және логика» вариативті оқу жүктемесі-102 сағат. -Барлығы-2652 сағат

**4-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде-**  
(4а,4ә)-26 сағат,оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі-25 сағат,вариативтік оқу жүктемесі-1сағат

«Тіл және әдебиет» бойынша-748 сағатты(аптасына -11сағаттан),

«Математика және информатика» -408 сағатты(аптасына -6сағаттан),

«Жаратылыстану»-136 сағатты(аптасына -2сағаттан), «Адам және қоғам»- 68сағатты(аптасына -1сағаттан),

«Технология және өнер»-68 сағатты(аптасына -2сағаттан),

«Дене шынықтыру» -306 сағатты(аптасына -3сағаттан),

Инвариативті оқу жүктемесі-1700сағат, «Математика және логика» вариативті оқу жүктемесі-68 сағат. -Барлығы-1768 сағат

**5 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/**  
апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28,5 сағатты құрады, оның

ішінде инвариантты оқу жүктемесі 28 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 2, «Адам және қоғам» - 3 сағат, «Технология және өнер» - 3, «Дене шынықтыру» - 3 сағат. Вариативті компонент - 0,5 сағат.

5 а,ә,б сыныптары бойынша «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 1122 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 612 сағат, «Жаратылыстану» - 204 сағат, «Адам және қоғам» - 306 сағат, «Технология және өнер» - 306 сағат, «Дене шынықтыру» - 306 сағат. Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 2856 сағатты құрады. Вариативті компонент оның ішінде – 51 сағат. Барлығы – 2907 сағат.

**6 сыныптарда жұмыс оқу бағдарламасы /оқыту қазақ тілінде/** бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 28 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет»-11 сағат, «Математика және информатика»-6 сағат, «Жаратылыстану» - 2, «Адам және қоғам» - 3 сағат, «Технология және өнер» - 3, «Дене шынықтыру» - 3 сағат. Вариативтік компонент 0,5сағат.

6 а,ә,б сыныптары бойынша «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 1122 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 612 сағат, «Жаратылыстану» - 204 сағат, «Адам және қоғам» - 306 сағат, «Технология және өнер» - 306 сағат, «Дене шынықтыру» - 306 сағат. Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 2856 сағатты құрады. Вариативті компонент оның ішінде – 51 сағат. Барлығы – 2907 сағат.

**7 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/** максималды көлемі 31,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 31 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 7, «Адам және қоғам» - 3 сағат, «Технология және өнер» - 1, Дене шынықтыру - 3 сағат. Вариативті компонент – 0,5 сағат.

7 а,ә сынып жиынтықтары бойынша «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 748 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 408 сағат, «Жаратылыстану» - 476 сағат, «Адам және қоғам» 204 сағат, «Технология және өнер» - 68, Дене шынықтыру - 204. Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 2108 сағатты құрады. Вариативті компонент оның ішінде – 34 сағат. Барлығы – 2142 сағат.

**8 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/** максималды көлемі 32,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 32 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 8, «Адам және қоғам» - 3 сағат, «Технология және өнер» - 1, Дене шынықтыру - 3 сағат. Вариативті компонент – 0,5 сағат.

8 а,ә сынып жиынтығы бойынша «Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 748 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 408 сағат, «Жаратылыстану»

- 544 сағат, «Адам және қоғам»

- 204 сағат, «Технология және өнер» - 68, Дене шынықтыру – 204. Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 2176 сағатты құрады. Вариативті компонент оның ішінде – 34 сағат. Барлығы –2210 сағат.

**9 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/** максималды көлемі 34 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 33 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 8, «Адам және қоғам» - 4 сағат, «Технология және өнер» - 1, Дене шынықтыру - 3 сағат. Вариативті компонент – 1 сағат.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 1122 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 612 сағат, «Жаратылыстану» - 816 сағат, «Адам және қоғам» 408 сағат, «Технология және өнер» - 102, Дене шынықтыру - 306. Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 3366 сағатты құрады. Вариативті компонент оның ішінде – 102 сағат. Барлығы –3468 сағат.

**2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің апталық оқу жүктемесінің көлемі**

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп оқу жүктемесі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі
10/2	35/70	32/64	3/6
11/2	35/70	32/64	3/6
Барлығы 4	70/140	64/128	6/12

**2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің апталық оқу жүктемесінің көлемі**

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп оқу жүктемесі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі

10/1	34/34	31/31	3/3
11/1	34/34	31/31	3/3
Барлығы 2	68/68	62/62	6/6

Жалпы орта білім беру сыныптарында барлығы 6 сынып жиынтығы бар, оның ішінде қазақ тілді 10 сыныпта – 3 сынып жиынтығы; қазақ тілді 11 сыныпта - 3 сынып жиынтығы бар.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10 -сыныптардың 2-і жаратылыстану - математика бағытында , 1-і қоғамдық-гуманитарлық бағытта білім алуда. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11-сыныптардың 2-і жаратылыстану - математика, 1-і қоғамдық-гуманитарлық бағытта білім алуда.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10 қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныпта оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің** максималды көлемі 34 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 31 сағатты құрады: қазақ тілі-2 сағат, қазақ әдебиеті-3 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-2 сағат, шетел тілі-3 сағат, алгебра және анализ бастамалары-3 сағат, геометрия-1 сағат, информатика-1 сағат, физика-2 сағат, химия-2 сағат, биология-2 сағат, география -1 сағат, Қазақстан тарихы-2 сағат, дүниежүзі тарихы-2 сағат, құқық негіздері-1 сағат, дене шынықтыру-3 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 1 сағат. Вариативтік компонент-3 сағат.

Қазақ тілі пәнінен жылдық оқу жүктемесі -68 сағат, қазақ әдебиеті-102 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-68 сағат, шетел тілі-102 сағат, алгебра және анализ бастамалары-102 сағат, геометрия-34 сағат, информатика-34 сағат, физика-68 сағат, химия-68 сағат, биология-68 сағат, география -34 сағат, Қазақстан тарихы-68 сағат, дүниежүзі тарихы-68 сағат, құқық негіздері-34 сағат, дене шынықтыру-102 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 34 сағат. Инварианттық компоненттің жылдық жүктемесі-1054 сағат. Вариативтік компонент-102 сағат. Жалпы жүктеме: 1156 сағат.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11 қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныпта оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің** максималды көлемі 34 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 31 сағатты құрады: қазақ тілі-2 сағат, қазақ әдебиеті-3 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-2 сағат, шетел тілі-3 сағат, алгебра және анализ бастамалары-3 сағат, геометрия-1 сағат, информатика-1 сағат, физика-2 сағат, химия-2 сағат, биология-2 сағат, география -1 сағат, Қазақстан тарихы-2 сағат, дүниежүзі тарихы-2 сағат, құқық негіздері-1 сағат, дене шынықтыру-3 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 1 сағат. Вариативтік компонент-3 сағат.

Қазақ тілі пәнінен жылдық оқу жүктемесі -68 сағат, қазақ әдебиеті-102 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-68 сағат, шетел тілі-102 сағат, алгебра және анализ бастамалары-102 сағат, геометрия-34 сағат, информатика-34 сағат, физика-68 сағат, химия-68 сағат, биология-68 сағат, география -34 сағат, Қазақстан тарихы-68 сағат, дүниежүзі тарихы-68 сағат, құқық негіздері-34 сағат, дене шынықтыру-102 сағат, алғашқы әскери және технологиялық

дайындық-34 сағат. Инварианттық компоненттің жылдық жүктемесі-1054 сағат. Вариативтік компонент-102 сағат. Жалпы жүктеме: 1156 сағат

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10 жаратылыстану- математика** бағыттағы сыныпта оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 35 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 32 сағатты құрады: қазақ тілі-1 сағат, қазақ әдебиеті-2 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-2 сағат, шетел тілі-3 сағат, алгебра және анализ бастамалары-4 сағат, геометрия-2 сағат, информатика-2 сағат, физика-2 сағат, химия-2 сағат, биология-2 сағат, география -2 сағат, Қазақстан тарихы-2 сағат, дүниежүзі тарихы-1 сағат, құқық негіздері-1 сағат, дене шынықтыру-3 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 1 сағат. Вариативтік компонент-3 сағат.

Қазақ тілі пәнінен жылдық оқу жүктемесі -34 сағат, қазақ әдебиеті-68 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-68 сағат, шетел тілі-102 сағат, алгебра және анализ бастамалары-136 сағат, геометрия-68 сағат, информатика-68 сағат, физика-68 сағат, химия-68 сағат, биология-68 сағат, география -68 сағат, Қазақстан тарихы-68 сағат, дүниежүзі тарихы-34 сағат, құқық негіздері-34 сағат, дене шынықтыру-102 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 34 сағат. Инварианттық компоненттің жылдық жүктемесі-1088 сағат. Вариативтік компонент-102 сағат. Жалпы жүктеме: 1190 сағат

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11 жаратылыстану- математика** бағыттағы сыныпта оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 35 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 32 сағатты құрады: қазақ тілі-1 сағат, қазақ әдебиеті-2 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-2 сағат, шетел тілі-3 сағат, алгебра және анализ бастамалары-4 сағат, геометрия-2 сағат, информатика-2 сағат, физика-2 сағат, химия-2 сағат, биология-2 сағат, география -2 сағат, Қазақстан тарихы-2 сағат, дүниежүзі тарихы-1 сағат, құқық негіздері-1 сағат, дене шынықтыру-3 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 1 сағат. Вариативтік компонент-3 сағат.

Қазақ тілі пәнінен жылдық оқу жүктемесі -34 сағат, қазақ әдебиеті-68 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-68 сағат, шетел тілі-102 сағат, алгебра және анализ бастамалары-136 сағат, геометрия-68 сағат, информатика-68 сағат, физика-68 сағат, химия-68 сағат, биология-68 сағат, география -68 сағат, Қазақстан тарихы-68 сағат, дүниежүзі тарихы-34 сағат, құқық негіздері-34 сағат, дене шынықтыру-102 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 34 сағат. Инварианттық компоненттің жылдық жүктемесі-1156 сағат. Вариативтік компонент-102 сағат. Жалпы жүктеме: 1190 сағат

Мектептің **2023-2024 оқу жылына** арналған оқу жұмыс жоспары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш , негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-

ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде құрылған.

Оқыту « Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы арқылы жүзеге асырылады.

Оқу жоспары бастауыш, негізгі, орта мектептің оқыту міндетіне сәйкес қажетті мазмұны мен көлемін сақтайды. Оқу процесін ұйымдастыру «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік- нұсқау хаты басшылыққа алынды.

Қазақ тілінде оқытылатын оқушылар үшін "Әліппе", "Ана тілі" пәндері бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері "Әліппе" оқулығымен 1-жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері "Ана тілі" оқулығымен 2-жартыжылдықта;

Сыныпты екі топқа бөлуге білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны 20 және одан артық болғандықтан бастауыш сыныптарда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі бойынша;
- 2) шетел тілі бойынша;
- 3) цифрлық сауаттылық бойынша (1 сыныптан басқа)

4) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша сыныпты екі топқа бөліп жүзеге асырылады.

Сыныпты екі топқа бөлуге білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны 20 және одан артық болғандықтан негізгі білім беру курсы бойынша:

Мектебіміздің сыныптарында білім алушылар саны 20 және одан да артық болғандықтан , оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша екі топқа бөліп оқыту іске асырылып жатыр.

Сыныпты екі топқа бөлуге білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны 20 және одан артық болғандықтан жалпы орта білім беру екі топқа бөліп оқыту іске асырылып жатыр.

**Негізгі орта білім берудің** мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес 24 және одан да көп білім алушы болғанда: «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы; шетел тілдері, көркем еңбек; информатика екіге бөлініп оқытылып жатыр.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сынып 24 оқушымен толтырылған, немесе одан да көп кезде екі топқа бөлінеді: қазақ

тілі мен әдебиеті – қазақ тілінде оқытатын сыныптарда; шет тілі; информатика.

Сыныпты екі топқа бөлуге жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарында орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болғанда барлық орыс тілінде оқытпайтын сыныптарда екіге бөлу қарастырылғандықтан топқа бөлініп оқытылып жатыр.

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіліп жатыр. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылып жатыр. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылғандықтан оқу процесі кезінде жүргізіліп жатыр. «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырып жатыр. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылғандықтан оқу процесі кезінде жүргізіліп отыр.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырылуда.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 2 тарауы 8 бабының 5 тармақшасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының» 5 тармақ 58 тармақшасына және «психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 бұйрығына сәйкес мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшелеген және жеке мүмкіндігін ескере отырып білім алушыларды үйде оқытудың қызметі ұйымдастырылады:

2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі бастауыш сыныптар бойынша 2 оқушыға, үйден оқыту ұйымдастырылды: Олар 4«А» сыныбында Әлімжан және 3 «А» сыныбында Батырхан Нұрмұхаммед.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 53-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 53- қосымшасын басшылыққа алынып, сабақ кестесі жасалынып, білім берілді.

2023-2024 оқу жылында «Қарағұр» жалпы білім беретін мектебінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру бойынша 3 оқушыға үйден оқыту ұйымдастырылды: 6 «А» сыныбында Үсен Бағылан, 6 «Б» сыныбында Жүзтай Ердәулет, 8 «Ә» сыныбында Жартан Ермек.

Үйде жеке оқыту үйде жеке тегін оқытудың оқу жоспары бойынша мектеп директоры бекіткен және ата-аналармен келісілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады. Оқу жоспарын құру кезінде мұғалімдер Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын басшылыққа алады және баланың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескереді. Жоспарды ӘБ жеткешісі, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, мектеп директоры бекітеді. Оқушылардың ВКК медициналық анықтамалары, ПМПК мекемесінің анықтамалары бар. Оқу жылының басы мен аяқталуы, жеке ақысыз білім алатын оқушылардың каникулының ұзақтығы жалпы білім беретін білім беру ұйымдары үшін белгіленген мерзімдерге сәйкес келеді. Мектеп оқушыларды барлық қажетті оқулықтармен қамтамасыз етті. Әр балаға жеке электронды журнал белгіленіп, онда оқу сабақтарының күндері, сабақтар саны, сабақ мазмұны белгіленіп, бағалаулар қойылады, пән мұғалімдері оқушылардың бақылау күнделігін жүргізеді.

білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге арналған жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);

**4.2 Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.**

Мектебіміз 2023-2024 оқу жылын жалпы оқушы саны - 520, 1-4 сыныптарда 205 оқушы 11сынып комплектісінде қамтылған, 5-9 сыныптарда 219, 10-11 сыныптарда 96 оқушы бар. 5-11 сынып аралығында 19 сынып жиынтық бар,

Сонымен қатар мектепалды даярлық тобында 2 сынып 41 бүлдіршін қамтылған. Жалпы мектеп бойынша 32 сынып комплекті бар.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде тәрбиенің жылдық жоспары оқу жылының басында жасалынды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты,



міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**«Ұлттық мүдде» құндылығы бойынша төмендегі  
іс- шаралар атқарылды**

Мектеп кітапханасының жанынан кітапханашы Ж.Мусалимованың ұйымдастыруымен «Coworking» орталығы ашылды. Мақсаты – кітапхана оқырмандарын, әсіресе жастарды кітап оқуға көбірек тарту. Сонымен қатар, Coworking орталығында Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай мектебіміздің кітапханашысы Ж.Мусалимованың ұйымдастыруымен және 6 "Ә" сынып оқушылары ақынның өмірбаянынан «20 минуттық кітап оқу» өткізілді.

«ЖЕР-2023» жалпы республикалық командалық-штабтық сейсмо жаттығуға даярлық және өткізу» жоспарына сәйкес, сейсмо жаттығу талапқа сай, өз деңгейінде ұйымдастырылып өткізілді. Терроризмге қарсы қорғану мақсатында 28-қыркүйек 2023 жылы оқу-жаттығу өткізілді. Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы және олардың қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау" тақырыбында мектепшілік оқу-жаттығу өткізілді.

13-желтоқсан күні «Көк туы желбіреген -Қазақстан» тақырыбында кітапханалық көрме жасалып, оқырмандарға таныстырылды.

Сонымен қатар 4-5 сынып оқушыларымен Тәуелсіздік күніне арнап, мерекелік өлеңдер оқылды. Мақсаты: Оқушыларды мемлекеттік рәміздерді қадірлеуге; елінің тарихын құрметтеуге; ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеуге; бейбітшілік пен татулықты берік ұстануға үйрету.

25-қараша мен 10- желтоқсан аралығында «Зорлық- зомбылықсыз 16 күн» акциясы және «Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне» орай «Отбасы- адам тұлғасының белгісі» тақырыбындағы іс-шара жоспарына сәйкес 7-желтоқсан күні 5,6,7 және 8,9,10 сыныптарға «Анаға хат» атты эссе байқауы өткізілді.

17-қараша «Алтын сақа» республикалық челленджі өткізілді. Іс-шарада «Бес табан», «Бес асық» ұлттық асық ойындары ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін эстетикалық патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды дәріптеу.

«БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ» тақырыбында Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай танымдық сағаты өткізілді.

15-желтоқсан күні 2, 3 сыныптары «16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне» орай "Көктудың желбірегені" тақырыбында ақпараттық-танымлық ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл болуға; мемлекеттік рәміздерді қадірлеуге; елінің тарихын құрметтеуге; бейбітшілік пен татулықты берік ұстануға үйрету.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі «Наурызнама» 10 күндігі шеңберінде

түрлі бағытта іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында оқушылар мен қызметкерлер кент аймағына абаттандыру, ағаш егу жұмыстарын жүргізді. Тал ағаштарын әктеу, сырлау, қоқыстарды жинау сияқты тазалау жұмыстары өз деңгейінде өтті. Келешек ұрпаққа табиғатты қорғау, туған өлкеге деген құрмет секілді азаматтық құндылықтарды бойына дарыту іс-шараның басты мақсаты болды.

Ә.Қастеевтің туғанына 120 жыл толуына орай 5 «Ә», 8А сынып оқушылары танымдық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: ұлттық мұраға ұқыпты қарау, ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеу, адал еңбекті құрметтеу. Жетекшілер А.Бәйгебай мен А.Асылханов суретшінің өмірінен сыр шертетін туындылары мен бейнебаян дайындап, оқушыларға ұсынды.

1-4 сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Мақсаты: оқушыларды ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, ана тілін қастерлеу. Оқушылардың сөздік қорын молайту, жұрт алдында еркін ауызекі сөйлеуге баулу.

30-қараша күні «Нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес, кәмелеттік жасқа толмағандарды суицидтің, ерте жүктіліктің, құмар ойындарға тәуелділік, басқа да құқықбұзушылықтардың алдын алу» тақырыбында мамандармен кездесу. Сондай-ақ 8,9,10,11 сынып оқушыларына өзекті мәселелердің (өз-өзіне қол жұмсау, құқықбұзушылық, нашақорлық, ертежүктілік, тәуелділіктің және аутодеструктивті мінез құлықтың) алдын алу мақсатында семинар-тренинг өткізді. Сонымен қатар, оқушыларға терроризм актінің қауіпі туындаған немесе терроризм акті жасалған жағдайдағы әрекеттер туралы жадынаманы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

#### **«Ар- ұят» құндылығы бойынша мынандай іс-шаралар атқарылды**

«1-қазан Халықаралық қарттар күні» мерекесіне орай мектебіміздің "Өзін-өзі басқару" ұйымының ұйымдастыруымен «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Аталған іс-шараға кентіміздің құрметпен зейнетке шыққан ата-әжелеріміз қонаққа келіп, білім нәрімен сусындап жатқан оқушыларымызға ақ батасын беріп, өнерлерін тамашалады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының алғашқы жиналысы ұйымдастырылды. Жиында ата-аналарға педагогикалық және психологиялық кеңестер берілді.

25- қараша мен 10-желтоқсан аралығында «Зорлық- зомбылықсыз 16 күн» акциясы және «Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне» орай «Отбасы- адам тұлғасының белгісі» тақырыбындағы іс-шара жоспарына сәйкес 30-қараша күні 5,6 және 7,8,9 сыныптарға «Күндей күлген анамның, баласы болып қаламын» атты сурет байқауы өткізілді.

25- қарашамен 10-желтоқсан аралығында «Зорлық- зомбылықсыз 16 күн» акциясы және «Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне» орай «Отбасы- адам тұлғасының белгісі» тақырыбындағы іс-шара жоспарына сәйкес 8-желтоқсан

күні Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында «Отбасы-бақыт мекені» атты семинар- тренинг болып өтті.

«Алғыс айту - парызым!» атты тәрбие сағаттары мен түрлі іс-шаралары өткізілді. Мақсаты: оқушылардың жанұяға, ата-анаға, үлкен-кішіге деген сүйіспеншілік және сыпайылық қарым-қатынастарын дамыту. Ризашылық пен ізеттілік туралы түсінік беріп, бір-бірімен үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету.

Оқушылар бойында отбасылық құндылықтарды дарыту мақсатында 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай тәрбие сағаттары мен мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарына арналған педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес "Баланың тапқырлығы мен ой-өрісін қалай дамытуға болады" тақырыбында тренинг сабағы өткізілді.

МАД оқушылары "Көкөністер мен жемістер дауы" ертегісін қойды. "Бала тілі бал" демекші балапандардың тәтті былдыр тілімен сахналық қойылымы өте тартымды болды. Ертегі қойылымдары әр балаға қуаныш, қызық, ұмтылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық, қиялын дамытатынын ескере келе алдағы уақытта тағы да көптеген танымдық сабақтар болары сөзсіз.

29-желтоқсан 1,2 сынып оқушыларына жаңа жылдық сыйлықтар беріліп, мерекелік көңіл-күй сыйланды. Мектеп директорының міндетін атқарушы С.Асылбеков, ауыл әкімі Бимендиев Ғалым бүлдіршіндерге жаңа жылға арналған жылы лебіздерін білдіріп, сыйлық табыстады.

### **«Талап» құндылығы бойынша мынандай іс-шаралар атқарылды**

С.Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына орай 6-7 сынып оқушылары арасында танымдық сабақ өткізілді.

Созақ ауданы Жастар орталығының қолдауымен мемлекеттік мерекеміз Республика күніне орай және Созақ ауданымыздың 95 жылдығына арнап “XXI ғасыр көшбасшысы” интеллектуалды сайыс ұйымдастырылды.

25-қазан Республика күніне орай «Қыран елім- Қазақстан» атты қыздар арасында баскетболдан сыныпаралық жарыс болып өтті. Мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттау, оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, елінің патриоты, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

«Абай бол, балақай» тақырыбында 2-сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды жолда жүру ережелерімен таныстыру, оқушыларды әрдайым жол ережелерін сақтап жүруге тәрбиелеу.

3-сынып оқушылары мен ата-аналары арасында отбасылық, тәрбиелік танымдық сағаты болып өтті. Мақсаты: отбасы құндылықтарын кеңінен дәріптеу, рухани адамгершілік қасиеттерін нығайту. Сайысқа қатысқан әрбір отбасы салт-дәстүр, тәлім-тәрбие жайлы өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісті.

Балалар мен жастардың уақытты дұрыс жоспарлау, қаржылық

сауаттылықты арттыруға бағытталған тәрбиелік және мәдени ағартушылық сабақ өткізілді. Іс-шара жоспарына сәйкес оқыту бейнероликтері мен қаржылық сауаттылық негіздері және интернет алаяқтық пен қаржы пирамидаларының қауіптілігі жөнінде дәріс тренинг ұйымдастырылды.

"ДосболLike: достық қолын ұсын" акциясы шеңберінде оқушылардың жағымды қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақсатында әртүрлі бағытта іс-шаралар ұйымдастырылды.

8,9,10 сыныптар арасындағы дөңгелек үстел болып өтті. Тақырыбы: Вейптің өскелең ұрпақтың өмірінде алатын орны. Мақсаты: Вейптің денсаулыққа зияны және одан туындайтын ауру түрлері жайында сұхбаттасу. Хал-ақуалы мықты ұрпақ болу үшін электронды темекіден, ішімдіктен, нашақорлықтан сақтандыру және бұл заттардың олардың болашағына жау екендігін түсіндіру.

9-10 сынып оқушылары арасында "МЕНИҢ БИЗНЕС ИДЕЯЛАРЫМ" тақырыбында жобалар байқауы өткізілді. Оқушылар берілген критерий бойынша жан-жақты зерттеп, ізденіп келген жұмыстарын ұсынды.

Дене шынықтыру мен АӘД пән бірлестігінің "Салауатты ұрпақ-сенімді болашақ" тақырыбында апталығы аясында 10-сынып оқушылары арасында «Ұланымын ұлы елдің» атты сайыс сабақ 5 күндік дала жиынының қорытындысы болды.

I жартыжылдықтың нәтижесі бойынша мектебімізде "Жұлдыздар шеруі-2023" атты салтанатты іс-шарасы өткізілді. Түрлі пәндік олимпиадалар, өнер, шығармашылық байқаулар, ұлттық мектеп лигасының аудандық, облыстық, республикалық жеңімпаздары марапатталып, жаңа жылдық сыйлықтар тапсырылды.

**Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру**

**2023-2024 оқу жылындағы үйірме жұмыстары.** Қоғамдық негізде 13 үйірме, ақылы негізде 2 үйірме, барлығы 15 қосымша білім беру үйірмелері жұмыс атқарды. Күнтізбелік тақырыптық жоспар жасалынып бекітіліп, кестесі жасалынып уақыттары апта күндеріне қойылған. Ақылы негіздегі қосымша білім беру: «Шебер қолдар» Е.Балғабаев, «Жас қаламгер» Валибаева Хилолла, «Тоғызқұмалақ» Б.Сапарбекова, Қоғамдық негіздегі үйірмелерер: «Волейбол» Ө.Қалдәулетов, «Баскетбол» З.Мамеді «Футбол» С.Тәшенов, «Қазақ күресі» А.Бегімханұлы, «Үстел теннисі» А.Жақсымбетов, «Тоғызқұмалақ, дейбі» Б.Сапарбекова, «Ойлы жас» К.Қайратбекұлы, «Асық ойындары» М.Рама т, «Хор» Асанов Т, «Робототехника» А.Қожабеков, «Жас биологтар» Жаннұр. Үйірмелерге қызығушылықтарына қарай дарынды оқушылар мен тәртібінде

олқылықтар бар оқушыларды қамтылды. Үйірме жұмыстарын ұйымдастыру үшін ақылы негізде барлығы 1,5 бірлік жүктеме қамтылды.

### 2023- 2024 оқу жылындағы жалпы үйірмелер

қ\с	Үйірме атауы	Үйірме жетекшісі	Сағат жүктемесі
1	«Шебер қолдар»	Е.Балғабаев	0,5
2	«Жас қаламгер»	Х.Валибаева	0,5
3	«Тоғызқұмалақ»	Б.Сапарбекова	0,5
4	«Футбол» (5-7)	С.Ташенов	0,5
5	«Баскетбол» (ұл 8-9)	З.Мамеді	0,5
6	«Волейбол» (ұл 7-11)	Ө.Қалдаулетов	қоғамдық негізде
7	«Волейбол»(қыз7-11)	Л.Ибаділда	қоғамдық негізде
8	«Баскетбол» (қыз 5-11)	Ө.Қалдаулетов	қоғамдық негізде
9	«Шахмат»	Ә.Есенқұлов	қоғамдық негізде
10	«Хор»	Т.Әдіхан	қоғамдық негізде
11	«Дойбы»	А.Жақсымбетов	қоғамдық негізде
12	«Күрес»	А.Бегімханұлы	қоғамдық негізде
13	«Үстел теннисі»	М.Зейін	қоғамдық негізде
14	«Тоғызқұмалақ»	Б.Сапарбекова	қоғамдық негізде
15	«Асық ойындары»	А.Жақсымбетов	қоғамдық негізде
16	«Футбол» (8-11)	С.Тәшенов	қоғамдық негізде
17	«Жас биолог»	Ж.Алиқұлова	қоғамдық негізде
18	«Робототехника»	А.Қожабеков	қоғамдық негізде
19	«Жас математик»	К.Қайратбекұлы	қоғамдық негізде
20	Жас информатмк	С.Сұртай	қоғамдық негізде

## 2023-2024 оқу жылындағы үйірме жұмыстарының жетістіктері:

1. 2023-2024 оқу жылында информатика пәндері бойынша өткен республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде 3- орын иеленгені үшін Әліхан Гүлім марапатталды жетекшісі Алмас Қожабеков
2. 2023-2024 оқу жылында математика пәндері бойынша өткен республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде 2- орын иеленгені үшін Мәдіхан Нұрсезім жетекшісі: Абдулхаева Назым
3. 2023-2024 оқу жылында ағылшын тілі пәндері бойынша өткен республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде 3 - орын иеленгені үшін Айболат Нұрай жетекшісі Шеренова Сарбиназ
4. 2023-2024 оқу жылында математика пәндері бойынша өткен республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде 3- орын иеленгені үшін Мамеді Толғанай жетекшісі Ибраева Фариза
5. 2023-2024 оқу жылында география пәндері бойынша өткен республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде 3- орын иеленгені үшін Елеман Самал жетекшісі Жанар Бостанова
6. Мәмбет Уәлиев атындағы «Бейнелеу өнерінің бәйтерегі» жас суретшілер байқауының жүлдегері Мейірхан Нұрсара жетекшісі: Е.Балғабаев
7. Оқушылардың Кіші Ғылыми Академиясының байқауына математика секциясы бойынша қатысып 6-сынып оқушысы Орынбасар Нұрлыбек 3-дәрежелі дипломмен марапатталды жетекші мұғалімі Абдулхаева Назым
8. Оқушылардың Кіші Ғылыми Академиясының байқауына ағылшын тілі секциясы бойынша қатысып 6-сынып оқушысы Бәділда Ақбаян 1-дәрежелі дипломмен марапатталды жетекші мұғалімі Әбдеш Назерке
9. Оқушылардың Кіші Ғылыми Академиясының байқауына тарих секциясы бойынша қатысып 9-сынып оқушысы Бәділда Талшын 3-дәрежелі дипломмен марапатталды жетекші мұғалімі Асылбеков Самат
10. Оқушылардың Кіші Ғылыми Академиясының байқауына биология секциясы бойынша қатысып 8-сынып оқушысы Ескермес Аруна 3-дәрежелі дипломмен марапатталды жетекші мұғалімі Аликұлова Жаннұр
11. Оқушылардың Кіші Ғылыми Академиясының байқауына этномәдениеттану секциясы бойынша қатысып 8-сынып оқушысы Шырынбек Ақсезім 2-дәрежелі дипломмен марапатталды жетекші мұғалімі Байғонова Зина
12. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларының республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінің жүлдегері Қазақстан тарихынан 5- сынып оқушысы Жеңіс Айару жетекші мұғалімі Нұржанова Дәрікүл
13. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларының республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінің 3- дәрежелі жүлдегері математика пәнінен 6- сынып оқушысы Қожан Ранна жетекші мұғалімі Абдулхаева Назым
14. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларының республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінің 3- дәрежелі жүлдегері Қазақстан тарихы пәнінен 6-сынып оқушысы Әбеш Гүлім жетекші мұғалімі Адилбекова Молдір
15. «Кенгру» ойын-конкурсының 1-дәрежелі жеңімпазы 3- сынып оқушысы Амандық Асылай, Қалдыбай Естай жетекші мұғалімі Сатанова Жадыра
16. Республикалық Мәшһүр Жүсіп оқуларының аудандық кезеңіне қатысып «Білім зерек адам болам!»-десең Қара өзіңді басқаның айнасымен номинациясы бойынша 3 орын иегері 11 сынып оқушысы Қаршыға Нұрай жетекшісі Хұдярова Сәуле
17. Республикалық Мәшһүр Жүсіп оқуларының аудандық кезеңіне қатысып «Алдыма өлең жаз деп қағаз келген, сөзімді сөйлеп бақтым мен де білген» номинациясы бойынша 3 орын иегері 11 сынып оқушысы Орынбасар Гүлзина жетекшісі Хұдярова Сәуле

18. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ақберен республикалық журналы ұйымдастырған «Абай оқулары» конкурсна қатысып 1 орын иеленген Шырынбек Дияна, Маделхан Дария, Алжанова Айару, Сұлтан Айдана 2 орын иеленген Сәрсенбай Зарина, Нышан Таңшолпан, Жүніс Ақбаян, Дархан Дария, Нұрланқызы Айдана марапатталады жетекшісі Есіркепова Гүлбуви
19. Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде 3- орын иеленгені үшін 4 сынып оқушысы Шырынбек Диана марапатталды жетекшісі Есіркепова
20. «Кенгру» ойын-конкурсының 1-дәрежелі жеңімпазы 3- сынып оқушысы Батырхан Нұрмаханбет жетекші мұғалім Есіркепова Гүлбуви
